

Кімге: Бөкей ордасы ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Д.Б.Гайнуллинаға

Автордың аты-жөні және лауазымы:

Жоламанов Мұхтар Даниярұлы, Бөкей ордасы ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы.

Күні: 15 қазан 2024 жыл.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Ауыл туризмі: мүмкіндіктері мен кедергілері.


Кілт сөздер: Бөкей ордасы тарихи-музей кешені, туризм, тарихи мекен.

Кіріспе. Қазіргі таңда туризм саласы көптеген дамыған және дамушы елдердің экономикасында басты рөлдердің бірін атқарады. Ауыл туризмі – демалушының ауыл өміріне толықтай енуі, тыныштық пен ауыл өмірінің тұрақтылығы, таза ауа, табиғи ауылшаруашылық өнімдері, таза атмосфера, табиғатқа жақындық сезімі, жергілікті әдет-ғұрыптармен, дәстүрлермен және тағамдармен танысу күтіледі. Дүниежүзілік туристік ұйымның бағалауынша, таяу жылдары ауылдық туризм дамып келе жатқан туристік бағыттардың біріне айналуы мүмкін, ол өз кезегінде жаңа орналастыру орындарын құруға және ауылдық жерлерде нарықтық инфрақұрылымды дамытуға серпін болады. Туризмнің бұл түрінің мәні туристерге барлық ұйымдастырушылық қолдауды (тамақ, демалыс, қызмет көрсету және т.б.) қабылдаушы отбасы қабылдайтын ауылдық жерлерде демалу болып табылады. Туризм мәселесі әлемдік деңгейде айрықша маңызға ие. Ауыл туризмін дамыту мәселелері және ауылды жерде қонақ үйлерді ашудың негізгі қағидаттары жөнінде көптеген мәселелер бар. Ауыл туризмі – жергілікті фермерлер мен шаруалар туристерді олардың жерлеріне тарту үшін, сондай-ақ осы қызмет түрінен қосымша пайда алу мақсатында ұсынатын іс-қимылдар мен қызметтер жиынтығы болып табылады. Ауыл туризмі әр туристке тек табиғат аясында демалуға ғана емес, сонымен қатар жергілікті халықтың салт-дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік береді. Туризмнің мұндай түрі аймақтық сәйкестендірумен сипатталады және туристерді орналастыру, тамақтану, бос уақыт қызметі және басқада қызметтерге деген қажеттілікті қанағаттандырады. Қазір туризмді дамыту ісі қолға алынып, ол бойынша мемлекеттік деңгейде, мысалы «Ауыл ел бесігі», «Туризмді дамытудың 2019–2025 жж арналған бағдарламасы» сияқты іс-шаралар қолға алынуда. Алдағы уақытта бұл жарқын бастама елді мекендерде өз шешімін табатын болады. Ауылдық жерлерде туризмді

дамыту ауыл экономикасының өсуінің «катализаторы» бола алатын туризм компоненті.

Негізгі бөлім. Кең байтақ Қазақстандағы өткені бай, шежірелі мекеннің бірі - БҚО-ның Бөкей ордасы ауданындағы Хан ордасы ауылы.

Тарихи-музей қызметкерлерінің мәліметінше 2023 жылы Бөкей ордасы тарихи-музей кешеніне 22 970 адам келсе, 2024 жылдың 10 айында музейге келушілер саны 19720 адам, ағымдағы жылдың соңына дейін 23 мың астам келушілер келеді деп жоспарлануда. (1-кесте)



1-кесте

Келушілер санының көбеюіне 2024 жылы «Ақжайық» телеарнасының «Тұңғыштар мекені – туристік әлеуеті зор өлке атты» арнайы репортажы, Астана қаласында өткен 5-ші дүниежүзілік көшпенділер ойындарында аудан тарихын бейнелейтін арнайы «Бөкей ордасы ауданының» киіз үйінің тігілуі септігін тигізгені сөзсіз. Хан ордасына барар 21 шақырым жолды (Өнеге-Бисен-Сайқын республикалық жолынан бастап) асфальттау жұмыстарының келер жылы аяқталуы, облыс орталығы Орал қаласынан - Хан ордасы ауылына дейін автокөлікпен еш қиындықсыз жетуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе. Ауыл туризмі Еуропада кеңінен таралған құбылыс. Жыл сайын Италия, Франция, Испания бірнеше миллион агротуристерді қабылдайды. Ресей мен Беларусь елдері де туризмнің агротуризм сынды табысты түріне айрықша көңіл бөлуде, әрі оны жан-жақты қолдап, дамытуда. Қала халқының басым бөлігі фермерлік

шаруашылық бойынша экскурсия құру үшін көптеген қаражат жұмсауға дайын. Вашингтон маңындағы фермалардың біріне жыл сайын 8000 туристің (соның ішінде Жаңа Зеландия мен Оңтүстік Африка мемлекеттерінен) келетіндігін мысал етуге болады. Осындай санаттағы туристер жер өңдеу, мал бағу, егін жинау ісіне тікелей өздері қызыға қатысып, мұндай экзотикаға 1000 доллар шамасында, тіпті кейде одан да көп қаражат төлеуден тайынбайды екен. АҚШ-тың заманауи ранчолары фермерлік шаруашылық бойынша мастер-кластар өткізіп қана қоймай, туристерге табиғи азық-түлік өнімдерінен тағам әзірлеу шеберлігін де ақылы түрде үйретеді. Осы орайда агротуризм пайда табудың негізгі көзі ғана емес, сонымен қатар қосымша жұмыс орындарын қалыптастыратын тиімді үрдіс ретінде танылып отыр. Литвада агротуризм саласына жұмылдырылған 700, Польшада 18000, Белорусияда 80 «агроусадьба» бар. Польша өз кезегінде 18 жылдан астам уақыт бойы агротуризмді экономиканың тиімді де қарқынды саласы ретінде дамытып келеді.

Қорытынды мен ұсыныстар. Ауыл тұрғындары үшін ауылдық туризмді дамыту, сонымен қатар, демалыс күндері турларды дамыту, әсіресе қалалықтар үшін өмірдің урбанизациялық ырғағын табиғатпен біртұтастық үшін бюджетке және қысқа уақытқа өзгерту қажет болатындар үшін қолайлы және перспективалы болып табылады. Ауылдық туризм - бұл болашағы бар бизнес түрі, оны тәжірибелі туристік агенттер, турлар туралы жүйелі, ресми ақпараттар көбейтіп, экосайттар мен әлеуметтік желілерде белсенді түрде таратып, жергілікті халықты оқыту үшін бизнес саласындағы мамандарды тарту арқылы хостел, асхана, естелік сыйлықтар дүкені, этно-ауыл секілді нысандар ашу, ауылға кіре беріс жерлерін, ғимараттарын тарихи дизайнерлік стильде безендері жұмыстарын жүргізу, тuroператорлар және басқа да мамандарды тарта отырып дұрыс дамыту қажет.

Пайдаланылған дереккөздер:

1. <https://kazmuseum.kz/> - Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік орталығы сайты.
2. [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%D0%B0%D0%BD_%D0%9E%D1%80%D0%B4%D0%B0%D1%81%D1%8B_\(%D0%B0%D1%83%D1%8B%D0%BB\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A5%D0%B0%D0%BD_%D0%9E%D1%80%D0%B4%D0%B0%D1%81%D1%8B_(%D0%B0%D1%83%D1%8B%D0%BB))
3. https://kaz.inform.kz/news/kazakstandagy-tarihi-mekennin-biri-batys-kazakstandagy-han-ordasy_a2579683/ - мақаласы
4. https://ruh.kz/bokei-ordasy-tarihi-kesheni_13890/
5. <https://kaz.inform.kz/news/bko-da-tarihi-han-ordasi-auilina-aparatin-zhol-salinadi-d311b6/> - мақаласы.
6. <https://aqjaiyqtv.kz/kz/news/39985> - «Ақжайық» телеарнасының репортажы

7. <https://www.youtube.com/watch?v=XTy2ns-s6YU> - «Ақжайық» телеарнасының Жетінші аймақ бағдарламасы.
8. <https://aqjaiyqtv.kz/kz/news/39965> - «ТУРИСТІК ТЕЛЕХАБАР КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ» атты репортажы
9. «Ауыл туризмі: алғашқы қадам» - Ақтөбе газеті мақаласы - <https://aqtobegazeti.kz/?p=10816>